

## Кітапхана ісіндегі онлайн курстар - білім жетілдірудің жаңа қадамдары.

**"Кенеттен барлық өміріңізді түсінгендей боласыз,  
бірақ жаңаша түрде. Оқу деген осы."**

Дорис Лессинг .

Мемлекетіміз көптен күткен тәуелсіздігін алғаннан бері экономикасы дамыған, халқы тату-тәтті, индустриалды елдердің қатарына қосылды. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев халықтың әлеуметтік жағдайын нығайта отырып, болашаққа зор үміт артады. Бүгінгі күні әр сала жетіліп, мамандар жыл сайын біліктілігін арттыруға да мол мүмкіндік алды. Соның ішінде кітапхана ісі де алға қадам жасауда.

Кітапханашыларға едәуір көп міндеттер жүктеледі, бірақ оны көбі түсіне қоймас. Бүгінгі күнде кітапханашы болу деген жайдан-жай кітаптарды сөрелерден сөрелерге қою және онымен дұрыс пайдалануды насихаттау ғана емес. Одан неғұрлым көп. Кітапхана ісінің өркендеуі үшін жаңа технологияларды жақсы білетін, дағдылығы күшті және білімі жоғары мамандар керек. Сондықтан да кітапханашылар үшін білімді жетілдіру ешқашан аяқталмайды. Әрқашан жаңа жағдайлардың пайда болуы және жаңа зейіндерді меңгеру қажеттілігі үшін, кітапханашылардың көбі онлайн-курстарға қатысады. Ол кітапхананың тартымдылығын кеңейту үшін тиімді әдістерін көрсетеді. Бүкіл қорға сұраныс болып, пайдаланушылардың тәжірибесін құнарландыру үшін, онлайн курстар оқудың динамикалық және икемді жүйесін ұсынады. Білім деңгейін жоғарылатуға арнайы ақпараттарды қолдану өте маңызды. Көптеген интернет-ресурстар интерактивті тәлім-тәрбиені және оқуды тегін ұсынады. Бірақ кейбір онлайн курстарда оқу ақылы болып немесе оған грант ұтып алу мүмкіндіктері бар.

Жыл сайын Америка Кітапханалары Ассоциациясы бұл сала қызметкерлеріне түрлі дәрежедегі онлайн семинарлар мен оқулар ұйымдастырады ([www.classes.ala.org](http://www.classes.ala.org)). Солардың біріне мен де бағымды сынап қатысқан едім. Өткен жылы онлайн курсқа қатысу үшін өтініш білдіріп, өте алмадым. Еншісіне, биыл бұл сынақтан сүрінбей өттім. Курстарға қатысушылар қалай таңдалатынын маған беймәлім. Алайда, кітапханашы мамандығын игерген, сондай-ақ бұл салада тәжірибесі бар азаматтарға артықшылық берілгені айқын. Курсқа он адам қатысты. Оның тоғызшы шетел азаматтары еді. Дәл осы курстың ішінде елімізден қатысқан жалғыз маман едім. Курстардың ерекшелігі барлығы ағылшын тілінде өтеді екен. Оған қатысу үшін мен ең алдымен өзім туралы және «Қазақстан кітапханаларының дамуы үшін мен не істер едім» деген тақырыпта ағылшын тілінде эсселер жазған едім. Сонымен қатар басшылығымның атынан ұсыныс хат талап етілді. Үш айдан кейін тағатсыздана күткен жауабым келді. Мен «Кітапханалық қордың дамуы және менеджменті» курсының грантына ие болдым.

Курстың арнайы сайтында дербес жұмыс бөлмеңіз жасалғанда, оны қашанда қосып -тоқтатуға болады. Курс жеті дәйекті модульдардан құралған:

1. Қор дамуының саясаты;
2. Саясат, жоспарлау және қаржы басқармасы;
3. Кітапхана қорының дамуы;

4. Кітапхана қорының менеджменті;
5. Кітапхана қорының анализі;
6. Маркетинг және байланыстың ақпараттық-ағартушылық қызметі;
7. Кітапхана қоры дамуының үрдісі мен келешегі.

Сонымен қатар онлайн чаттар, дәрістер, форумдар және үй жұмыстары да болды.

Әр модульге 2-3 күнге дейін берілді. Практикалық жобалар әр түрлі шарттарда қолданылуы мүмкін және курстан тыс дамуына қолдануға болады. Жоғарыда аталған әрбір бағытты зерттеп болған соң, тест түрінде арнайы тапсырмалар беріліп, тексеріледі. Арнайы дербес онлайн ұстазыңыз жұмыстарыңызға тез назар аударады. Өздік жұмыстарыңыз оның сарапшылықтары мен бағалары үшін жіберіледі. Сөйтіп, әр бір модуль бойынша алған білім бекітіліп, келесіге көшуге мүмкіндік береді. Бұл әр бағытты мұқият әрі терең оқып меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл онлайн курс арқылы көптеген АҚШ кітапханаларымен қарым-қатынас құрып, ортақ мәселелерге шешім тауып, тәжірибемен алмасу мүмкіншілігі зор. Бір айта кететіні, сағаттық белдеудің ерекшеліктеріне байланысты кейбір қиыншылықтар тап болады. АҚШ пен Қазақстан арасында 14 сағаттық айырмашылық бар екен. Яғни Америкада түс кезінде өткізілген сабақтар, Қазақстанда түнгі сағат 2-ге сәйкес келеді. Сондай-ақ ағылшын тілін жетік меңгергенмен, көп ғылыми лексикада берілген ақпаратты бірден қабылдау да ыңғайсыз болу мүмкін. Бірақ, осының бәрі кітапхана жұмысын одан да жетілдіруге жол ашса керек. Курстың соңында 70 пайыздан аса ұпай жинағандарға, сертификат беріледі. Әрине бұндай курстар мен семинарлар біздің қызметте едәуір жеңілдіктер туғызады. Бүгінгі жаһандандыру кезеңінде бұл ағымға бізде де белсенді түрде қатысыуымыз керек.

Алайда, шекараны аттамай, Батыс кітапханалардың тәжірибесін игеру кез келген маман үшін таптырмас мүмкіндік. Әсіресе бүгін, еңбек нарығында білім мен біліктілік, дарындылық пен дағдылық бәйгеге түсетін табыстылар заманында. Сондықтан, Американдық Кітапхана Қауымдастығының грантын ұту, АҚШ-тың тәжірибесі мол, кітапхана ісінде магистр, доктор дәрежесі бар адамдардан сабақ алу мен үшін үлкен абырой. Ендігіде алған білімімді ұштап, іс жүзінде қолданатын боламын.